



ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ САБАҚТАСТЫҒЫ: ТАРИХШЫ-ҒАЛЫМНЫҢ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ

Қамиева Гүлфарида Бағытжанқызы

*Есенов университеті, «Тарих және және дәстүрлі өнер» кафедрасының аға оқытушысы,
магистр*

Ақтау қаласы, Қазақстан Республикасы

E-mail: alpakon02092000@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Тарих және дәстүрлі өнер» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Табылдиева Орынгүл Дүйсенбайқызының ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметі қарастырылады. Ғалымның Маңғыстау өңірінің этнодемографиялық тарихын зерттеу бағытындағы ғылыми ізденістері, жоғары білім беру жүйесіндегі педагогикалық қызметі және ғылыми еңбектері сараланады. Сонымен қатар республикалық және халықаралық деңгейде жарық көрген ғылыми мақалалары, оқу құралдары мен монографиялық еңбектерінің отандық ғылым мен білім беру саласының дамуына қосқан үлесі талданады. Автордың ғылыми-педагогикалық қызметі аймақтық тарихты зерттеу, болашақ тарих мамандарын даярлау және жоғары білім беру сапасын арттыру бағытындағы маңызды тәжірибенің бірі ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: жоғары білім беру, тарих ғылымы, Маңғыстау тарихы, ғылыми-зерттеу қызметі, этнодемография.

Кіріспе. Қазіргі кезеңде жоғары білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – ғылыми әлеуеті жоғары, кәсіби құзыретті мамандар даярлау және отандық ғылымның дамуына үлес қосатын зерттеушілер қалыптастыру болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда жоғары оқу орындарындағы ғылыми-педагогикалық қызмет білім беру сапасын арттырумен қатар, ұлттық тарихты зерделеу және ғылыми-зерттеу мәдениетін дамыту бағытында маңызды рөл атқарады. Әсіресе аймақтық тарих, этнодемографиялық үдерістер және тарихи таным мәселелерін зерттеу қазіргі отандық тарих ғылымының өзекті бағыттарының бірі саналады.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Университеттің «Тарих және дәстүрлі өнер» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Табылдиева Орынгүл Дүйсенбайқызының ғылыми-педагогикалық қызметі аймақтық тарихты зерттеу, ғылыми кадрлар даярлау және оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бағытында ерекше орын алады.



Негізгі бөлім. Табылдиева Орынгүл Дүйсенбайқызы 1992 – 1997 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде білім алып, «Тарих» мамандығы бойынша «Тарих» пәнінің оқытушысы біліктілігін иеленді. Ғылыми ізденісін жалғастыра отырып, 2005 жылы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында «Маңғыстау



халқының этнодемографиялық дамуы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Сол жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің шешімімен тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Ал 2011 жылы доцент ғылыми атағына ие болды.

Ғалымның еңбек жолы 1997 жылы Ақтау қаласындағы Маңғыстау облыстық архивінде I санатты архивист қызметінен басталды. Архив саласындағы тәжірибе оның тарихи құжаттармен кәсіби деңгейде жұмыс жасауына және өңір тарихын терең зерттеуіне негіз қалады. 1999 – 2008 жылдары М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Ақтау қаласындағы филиалында тәрбие жұмысы, ғылыми және әдістемелік жұмыстар бойынша директор орынбасары қызметін атқарып, «Жалпы кәсіптік пәндер» кафедрасында оқытушылық қызметпен айналысты. 2008 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Тарих және дәстүрлі өнер» кафедрасында доцент қызметін атқарып келеді.

Орынгүл Дүйсенбайқызының ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттарының бірі – Маңғыстау өңірінің тарихы мен этнодемографиялық даму мәселелерін зерттеу. Ғалым осы бағытта бірнеше республикалық және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, ғылыми баяндамалар жасаған. Сонымен қатар оның 30-дан астам ғылыми мақалалары жарық көріп, ғылыми қауымдастық тарапынан жоғары бағалануда.

Ғалымның ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектері жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде кеңінен қолданылып келеді. Оның «Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы», «XIX ғасырдағы Қазақстандағы патша үкіметінің отаршылдық реформалары», «Қазақстанның ежелгі тарихы», «Ортағасырдағы



Қазақстан мәдениеті», «Қосалқы тарихи пәндер», «Философия», «Техника философиясы», «Әлемдік философия: Адам және адамгершілік мәселелері» атты оқу құралдары студенттердің кәсіби даярлығын жетілдіруге бағытталған маңызды еңбектер қатарына жатады. Сонымен қатар «XX ғасырдағы Маңғыстаудың даму тарихы» атты монографиясы өңір тарихын зерттеуге арналған іргелі ғылыми жұмыстардың бірі болып табылады.

Табылдиева Орынгүл Дүйсенбайқызының ғылыми мақалалары отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланып келеді. ККСОН тізіміндегі басылымдарда жарық көрген «Моңғолиядағы қазақ диаспорасы мәселесінің тарихнамасы» және «Хасан Оралтай және қазақ тарихына балама көзқарасты қалыптастыру (1956 – 1991 ж.ж.)» атты мақалалары қазақ диаспорасының тарихы мен ұлттық тарихи сананы зерттеу бағытындағы маңызды ғылыми еңбектердің қатарына жатады.

Сонымен қатар ғалымның халықаралық Scopus базасына енген ғылыми жарияланымдары оның ғылыми-зерттеу қызметінің ауқымын көрсетеді. «Language attitudes of Kazakh youth: An analysis of the regional aspect» атты мақалада қазақ жастарының тілдік ұстанымдары мен аймақтық ерекшеліктері талданса, «Analysis of Traditional Kazakh Jewelry in Terms of Cultural Values, Attitudes, and Ethnic Identity Perception» атты зерттеуде қазақтың дәстүрлі зергерлік өнерінің мәдени құндылықтары мен этникалық бірегейлік мәселелері қарастырылған. Ал «The impact of the social well-being of the population on the sustainable development of the region» атты ғылыми мақалада халықтың әлеуметтік әл-ауқаты мен өңірдің тұрақты дамуы арасындағы байланыс сараланған.

Ғалымның ғылыми мақалалары YESSENOV SCIENCE JOURNAL журналында да жарияланып келеді. Атап айтқанда, «Көші-қон үрдісінің Маңғыстау өңірі демографиялық жағдайына әсері» және «Академик М-А.Х.Асылбековтың қазақ тарихын зерттеуге қосқан үлесі» атты мақалалары аймақтық демографиялық үдерістер мен қазақ тарихнамасының өзекті мәселелерін талдауға арналған.

Қорытындылай келе. Табылдиева Орынгүл Дүйсенбайқызының ғылыми-педагогикалық қызметі жоғары білім беру жүйесіндегі сапалы маман даярлау, Маңғыстау өңірінің тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеу және отандық тарих ғылымын дамыту бағытындағы маңызды тәжірибенің бірі болып табылады. Ғалымның ғылыми еңбектері мен оқу құралдары болашақ тарихшылардың кәсіби даярлығын жетілдіруге, ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыруға және ұлттық тарихи сананы дамытуға елеулі үлес қосып келеді.



Сонымен қатар оның ғылыми-зерттеу қызметі халықаралық ғылыми кеңістікте де жоғары бағаланып, отандық ғылымның беделін арттыруға ықпал етуде. Осы тұрғыдан алғанда Орынгүл Дүйсенбайқызының ғылыми-педагогикалық қызметі жоғары білім беру мен тарих ғылымының дамуындағы нәтижелі еңбектің жарқын үлгісі болып табылады.

